

Қ.Б. Күдерина

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл — Қазына» Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: kuderinova_70@mail.ru)

Жаңа емле: құрылымы, ұстанымы және жаңалықтары

Мақалада 2018 жылдың 6 желтоқсанында Ұлттық комиссияда мақұлданған Қазақ тілі емле ережесінің жаңа жобасындағы жаңалықтар, емледе ұстанған басты қағидат пен ереженің негізгі құрылымы сөз болды. Фонематикалық және морфологиялық қағидалардың айырмашылығы түсіндірілді. Емле жасауда орфографиялық жұмыс тобы мүшелері ортақ шешімге келе алмаған, *и* мен *у* әрпінің жазылуы туралы баяндалды. Сондай-ақ мақалада жаңа емленің басты жаңалығы болып табылатын шеттілдік сөздер құрамындағы *я, ю, ъ, ь* таңбалары бар сөздердің қазақ тілінде дыбыстық заңымызға сәйкес өзгеріп жазылатыны түсіндірілді. Автор жалпы қазақ мәтінінің құрамында кездесетін төл сөздердің де, термин сөздердің де емлесіне қатысты өзгерістерді қысқаша қамтуға тырысты. Осы емле ережелерінің негізінде алдағы уақытта орфографиялық сөздік және анықтағыш құрастырылады. Сондықтан мақала мақсаты сөздік пен анықтағышта орын алатын өзгерістер турасында ескерту, еске салу болды.

Кілт сөздер: әліпби, латын графикасы, графема, орфография, емле, орфограмма, тұжырымдама, емле ережесі, фонематикалық қағида.

Елбасымыз Н.Назарбаев 2006 ж. Қазақстан халықтары Ассамблеясында: «Латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның плюстері мен минустарын зерделеп алуымыз керек», — деді. Бұл тәуелсіздікті тіл мен елдікте ғана емес, А. Байтұрсынұлы сөзімен айтқанда, «жазу мен сөйлесу ауызша сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заманда» әліпбиде де тәуелсіздік алуымыз керек деген сөз еді.

2012 ж. Елбасымыз келесі мақсатты қойды: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл — ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы — қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады». Мұнда «ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселені» «қазақ тілін жаңғырту жағдайымен» байланыстырған Елбасының көреген саясаты тұр. «Қазақ тілін жаңғырту» сөзін жүйесі бөлек тілдердің жазу принципін өз тілімізге таңу емес, сонымен қатар табиғи, қоғамдық құбылыс болып табылатын тілді қолдан өзгерту, жасанды қазақ тілі мен әліпбиін жасау емес деп түсінеміз.

Ал «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Елбасы бұл қадамдарды ұлттық мақсатқа айналдырды: «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім», — деді. Елбасы сөзіндегі *біртұтас ұлт, бұқаралық сана, қазақ тілін жаңғырту, ұлт болып шешу* деген іргелі ұғымдар — ұлттық, елдік мақсатты көздеген қабырғалы ойлар. Президентіміз айқындап берген осы мақсаттан таңбау, айырылмау, жоғалтып алмау бізге — ПАРЫЗ.

«Әліпби – миллионның құралы» болғандықтан, мұндай бетбұрыс қоғам мүшелерін бейтарап қалдыра алмайды. Болмысынан оқу-білімге құштар қазақ халқының әрбіреуінің «әліпбиге бар таласы». Әліпби таңдау мен саралауда қоғамдық санада екіұдайлық күшейе түсетіні де сондықтан заңдылық: қолдау да, күмәндану да, қарсылық та болатыны рас.

Алайда Елбасы жасаған сындарлы қадам жұртшылықтың санасын дүр сілкінтті. Жаңа әліпбимен жазуға құштарлық күшейіп, жұртшылық жаңа емле ережесін асыға күтуде. Оянған бұқаралық сананың легіне ілесе алмау бізге сын. Жыл басынан бері А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында әзірленген Емле ережесін ғылыми орта мен жаппай көпшіліктің талқысына салған, түзету, толықтыру, стандарттау жұмыстарын атқарған «Тіл – қазына» Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Жаңа ереженің алғашқы нұсқасын аяқтады. Кешеге дейін еліміздің түкпір-түкпіріне насихатталған Емле жобасынан қалың көпшілік құлағдар болды. 14 қазан күні өткен жалпыхалықтық диктантта жұртшылық өз тілінің жаңа жазуымен бетпе-бет танысты. Жазу реформасының мәнін түсінді. Енді латын графикасына негізделген қазақтың жаңа емлесінің ережелерін халық қолданысына беру қалды.

Жыл ортасынан бері әзірленіп, талданып, сараланып, сынамадан өтіп жатқан емле ережесі 6 желтоқсан күні Қазақ жазуын латынға көшіруге байланысты Ұлттық комиссия отырысында тыңдалып, мақұлданды. Енді емле ережесі ұсынған басты қағидаттар бойынша анықтағыш, емле сөздігін құрастыру көпшілікке ұсыну тұр.

6 желтоқсан күні мақұлданған бұл ереже жаңа әліпби бойынша тілдің орфографиялық нормаларын ұсынатын және тұрақтандыратын, жаңа жазу мәдениетін қалыптастыратын ортологиялық еңбектердің ғылыми негіздері мен басты қағидаттарын айқындайды. Базалық нормаларды тұрақтандырады.

Емле ережесі орфографияның ғылыми негіздерін айқындайтын лингвистикалық нормативті құжат – ЕМЛЕ КОНЦЕПЦИЯСЫ – ұсынған қағидаларға табан тіреді.

Алдымен, төл сөздердің емлесіне қатысты орфографиялық ереженің ұстанатын басты ғылыми принципі айқындалды. Ол дыбыстың негізгі реңкі бойынша орфографияланатын қазақ жазуының фонематикалық ерекшелігінен шықты.

Сонымен, Емле ережелері 9 тараудан тұрады. Олар – әріптер емлесі; түбір мен қосымша; бірге, бөлек, дефиспен жазылатын сөздер; бас әріп пен қысқарған сөздер емлесі және шеттілдік сөздердің, сондай-ақ тасымал емлесі.

Ереже А.Байтұрсынұлы анықтап берген жүйеге – дыбыстың мағына ажырататын реңкін таңбалайтын фонемалық ұстанымға (принципке) – табан тіреді. Бұл ұстаным қазіргі жазу тәжірибемізден ауытқымауға, тілдік санада жатталған жазу дәстүрінен қол үзбеуге көмектеседі. Сондықтан емле ережесінің 70–80 пайызы қазіргі жазумен сәйкес келеді. Бұл жалпыхалықтық сауаттылықтан айырылмау үшін әлемдік жазу жүйесінде қолданылатын әдіс.

Емледе тілдің басты заңдылығы – тіл үндесімі – таңбаланады. Ал ауызша сөздегі дыбыстық үндесімдер мен үйлесімдер, сөйлеу тіліне тән айтылымдар таңбаланбайды.

Алдымен, жазылуы әртүрлі болып жүрген төл сөздер бір формаға түсірілді, *aqyret*, *qudiret*, *qaziret*, *taŭqimet*, *quzyret* сөздеріндегі *ы/і* әріптері бір ғана *і* әрпімен жазылатын болады, оның себебі сөз аяғындағы *е* әрпіне екпін түсіруге дайын келе келе жатқан артикуляция сөз басынан бастап, жіңішке әуезде дыбыстай бастайды. Ал *дауысы/даусы*, *ауылы/аулы* деген орфограммалар қалай жазылса да, *daŭsy*, *aŭly* деп *-ы* әрпі көмескі естіліп, әнтек айтылатын болғандықтан, жазуда түсіріліп, ықшам және үнемді жазылатын болады. Ықшам жазуды ұсынақты жазу деп те атаса болады. Өйткені *-ы* фонемасы қазақ сөзінде *а-*, *е-* әріптерінен кейін жиі қолданылатын әріп болып табылады. Әрі бұл фонеманың қазіргі қазақ әліпбиіндегі таңбасы *-у* болғандықтан, сөз тұрпаттарын ұсынақты көрсете алмайды.

Сондай-ақ жаңа емледе осыған дейін қосымшалары бірде жуан, бірде жіңішке болып келетін *күнә*, *кінә*, *шүбә* сияқты араб тілінен енген сөздерге ендігі жерде бірыңғай жіңішке жалғанатын болады. Оның себебін қолданыстардан таба аламыз. Қазіргі жазба мәтіндерде *күнәсінен*, *шүбәсінен*, *күнәсіне* деген қолданыстар басым. Сондықтан *kinási*, *kinásiniñ*, *kináli*, *kúnási*, *kúnásiniñ*, *kúnásine*, *kúnásinen*, *shúbási*, *shúbásiniñ*, *shúbásiz*, *kýási*, *kýásiniñ*, *kýásine*, *kýásinen*, *kýálik*, *kýáger*, *kúmáni*, *kúmániniñ*, *kúmándi*, *kúmánshil* деп бірыңғай жіңішке үндесіммен жазылады. Бірақ ашық дауыстылармен келетін қосымшалар жуан жалғанады: *kúnáğa*, *kúnádan*, *kinálaŭ*, *shúbálaný*, *kýáğa*, *kýádan*, *kúmángá*, *kúmándaný*. Осы орфограммаларда тағы әрқилы жазу болуы мүмкін.

Кірме сөздер фонетикалық принциппен жазылады. Бұлардың ішінде *taýar, nómir, poshta, kástóm, pálte, poiyz, siez* сияқты бұрыннан фонетикалық принциппен жазылатын сөздер бар. Сондай-ақ *slesir, vedimis, vedimistik, ketchúp* сияқты жаңа әліпби арқылы айтылуы бойынша жазылатын сөздер бар. Біріккен сөздердің әр сыңарының түбір тұлғасы сақталып, морфологиялық принциппен жазылады. Мысалы, жазылуы әрқилы болып келе жатқан *шекара, көкөніс, қыркүйек* сөздері енді кіріктірілмей жазылатын болады.

Емле жобасын құрастыру, талдау, сараптау, талқылау барысында келісе алмаған бір пікір *-и, -у* әріптерінің емлесі еді. *-и* мен *-у*-ды бір әріппен таңбалап дағдыланып кеткен қазіргі жазуды өзгертіп, жаңа емле ұсынуға үлкен себеп болуы қажет. Сауаттылықты төмендетсе немесе оқу мен жазуда қиын болса, оқытуда ауыр болса, тіл табиғатына сай келмесе, айтылым сазына кереғар болса, сөз жоқ, жазу реформасын пайдаланып, бұндай ережені қайта қарау қажеттігі бар. Мысалы, Астана қаласы № 54 мектеп-лицейінің 1–4 сынып оқушыларының жазба жұмыстарын тексеру барысында 102 оқушының 9-ы *сиыр* сөзін – *сыір, сыйыр*; *тиін* сөзін – *тиййін* және т.б. түрде таңбалап, қате жібергені байқалды. Мұғалімдер «қате негізінен нашар оқитын оқушыларда жиі, бірақ *-и* емлесі оқушыларға аса қиындық туғызбайды» дегенді айтты. Ал Қ.Жұбанов өзі өмір сүрген кезеңдегі оқушы қатесінің көбі *-ый, -ий* әріптері болып отыр деген. Сондықтан сауат ашуда аса қиындық тудырмаса, жазуда кісінің уақытын үнемдесе, бір таңбамен жазатын қазіргі жазу дағдымыздан айырылмағанымыз жөн дедік.

-и, -у таңбалары сөздің айтылу жүйесіне кереғар болған жоқ. Бір *ми* сөзінің айтылу нормасы өзгерді деп қазақ сөзінің бүкіл айтылым нормасынан айырылып барамыз деп байбалам салудың қисыны жоқ. *ми* сөзі түбір күйінде жиі қолданылмайды. Ол *миыма, миың, мидай* тұлғасында жазылып, [мійімә], [мійінә], [мійдәй] түрінде айтылып көрген емес. Сөз, қосымша құрамындағы дауысты әріп арқылы, алдыңғы буындағы дыбыстың жуан не жіңішке екенін тілтітушы аңғарып келеді [1]. Сондықтан қазақ тілі емлесінің жаңа ережесінде қазіргі кирилл негізді жазу дәстүрінен қол үзбей *-и (-ий), -у (-у)* әріптері дауыссызды (*ai, úi, demeyshi, qayun*) және *-у (-ый), -и (-ий), -у (-у), -у (-у)* дыбыс тіркестерін таңбалайтын болды (*igilik, inelik, inabat, iman; kium, tiin, álipbi, tarihi; ýuldyryq, ýuz, ýildeý, týys*). Бұл емле ережесі бастауыш, орта мектеп мұғалімдері, студенттер және жалпы көпшіліктен алынған сауалнама нәтижелері және жоо оқытушылары пікірлері негізінде бекіді.

Араб цифрымен келген реттік сандарда түсірілген қосымшаның орнына дефис қойылатын болды: *2018-jyl, 10-qazan, 3-kireberis, 9-páter*.

Оқу орны, мекеме, қоғамдық ұйым, өнер орталықтарының ғана емес, олардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары да бас әріппен жазылатын болады: *Qazaqstan Jazyshylar odaғы Kórkem ádebiet bólimi, Al-Farabi atyndaғы Qazaq ulttyq ýniversiteti Filologia jáne álem tilderi fakýlteti*.

Ағылшын тіліндегі атауы бойынша қысқарған халықаралық ұйым атаулары түпнұсқа тіліндегідей жазылады: *UNESCO, USAID, NATO, KAF*. Қосымшалар қысқарған сөздің айтылуына қарай дефис арқылы жалғанады: *UNESCO-ның, -ға; USAID-тың, -қа; NATO-ның, -ға*.

Шеттілдік сөздерді таңбалауда бүгінгі кирилл жазу санасында жатталып қалған ұрпақ пен кирилл жазуын білмейтін келешек ұрпақты тоғыстыратын емле жасау басты назарда болды. Шеттілдік сөздер негізінен әліпби шегіндегі әріптермен қазіргі донор тіл – орыс тілінің орфографиясымен таңбаланады: *akvarel, stil, lager, artıkl, kegl, film; moderator, marker, vaýcher, súpervauzer, blokbuster*. Бірақ қай әріп жазылса, сол әріптің білдіретін фонемасы дыбысталатын қазақ орфоэпиясына сай оқытуы қажет, яғни *moderator* сөзі *мадератыр* емес, *модератыр* немесе *модератор* түрінде айтылуы қажет.

Жаңа жазуда шеттілдік сөздер қазақ тілінің айтылым, жасалым үлгісіне сай таңбаланады, мысалы, *э-* әрпі *е-* әрпімен жазылады: *element, elevator, koefisent*. *ё-* әрпі *о-* әрпімен таңбаланады: *manóvr, brýselóz, aktór, amóba*. *ц-* әрпі *с-* әрпімен: *sırk, sement; desimetr, proporsional, kvars, korporasia; senarı, abses, plebisıt*; *ю-* әрпі *у-* әрпімен таңбаланады: *parashút, absalút, glúkoza, debút, prodúser, lúks, valúta, búdjed, búro, sújet, búleten; fúchers, kompúter, tútor, konúktýra, konúktivıt*; *я-* әрпі *а-* арқылы таңбаланады: *zarád, knáz, narád, razrád, snarád*; *w-* әрпінен басталатын сөздер *v-* әрпімен емес, *у-* әрпімен жазылады: *yatsap, ýiki, ýikipedia, ýeb-sait*. *W* таңбасы *у-* әрпін беретіндіктен, *у-* дыбысы ретінде таңбалануы тиіс.

Жаңа жазу ықшам, үнемді, оқуға оңтайлы болуы қажет. Қазақ тілінің жалғамалы сипаты, яғни сөздің түбірге қосымша жалғану арқылы түрлену, жасалу сипаты сөз тұрпатын ұзартатыны белгілі. Сондықтан жинақы жазу мақсатында артық әріптердің біреуі қысқартылады. Нақтыласақ, сөз соңы мен ортасында қайталанатын қосар әріптің біреуі түсіріледі: *klas, hol, profesor, gramatika, kardiogram; metalýrgia, silabýs*. Бұл қазіргі емлемізде бар тәжірибенің жалғасы ғана (*класы, кластың*).

-ий әріп тіркесі бір ғана *і*- әрпімен жазылады: *kali, alúmini, natrı, kafeterı, komentarı, realı*. Өйткені *-й* мен *-и* әріптері жаңа әліпбиде бір ғана таңбамен жазылатыны белгілі.

Сөз аяғындағы *-cm, -cmь, -zd* әріп тіркесінің соңғылары түсіріліп жазылады: *jýrnalı, komýnıs, manifes, proves*.

Сөз аяғында мына бір таңбалардың емлесін қайталап түсіндіретін себебіміз бар. *ю, я, и* әріптері бар сөздер *kıú, kıúy, sıa, jıaıa, ashshy* түрінде жазылады. Сөз соңы мен ортасында *и*- әрпінен кейін тұрған *ю*- әрпі *у*- әрпіне ауысады. Себебі екі *и* (1) қатар келетіндіктен, біреуі түсіріледі. Мысалы, *кию* — *kıú*, *қию* — *qıú*, *ио* — *ıú*. Ал дауыстыдан кейін немесе бірбуынды сөздерде *ю* әрпі *и* мен *у* әрпінің тіркесін таңбалағандықтан, әрине, *ıú*- жазылады. Мысалы, *ою* — *oıú*, *аю* — *aıú*. *ю* әрпінің үш түрлі таңбалануын бағдарланбаған автоматты техника ғана бір таңбамен, мысалы, не *у*, не *иу*, не *у* түрінде таңбалауы мүмкін. Ал тіл, жазу адам санасы арқылы ғана жүзеге асатындықтан, қарапайым тілдік білім, тілдік сана, интуиция болса жеткілікті. Бұл орфограммаларды түсіндіру қазіргі кирилл жазуымен дағдыланып қалған буын үшін ғана уақытша қиындық болуы мүмкін. Мысалы, үш позицияда кездесетін *ою, қию, абсолют* сөздерін таңбалағанда біріншісін *ойу* деп жазылуға тиіс екенін кирилл дағдымен де жүріп білесіз. Ал *қию* сөзін жазғанда тілдік, фонетикалық сауаты орта не төмен жазармандар *ю* әрпінің орнына *иу* жазып, *и* әрпін және жазып қояды (*қиуи*). Бұл шындығында қазіргі кирилл-қазақ емлесін жасарда кеткен қателік еді: *қыйыу* деп айтылатын сөздің түбірі [қый], *қи-ға* тұйық етістік жұрнағы жалғанда *қиу* болады, бірақ *иу* орнына *ю* жазылса, *қю* тұрпаты шығады, сондықтан екі әріпті *и* арқылы байланыстырған. Сол себепті екі *и* әрпін жазуға болмайтынын білетін тілдік білім болуы керек. Ал абсолют деген сияқты көптеген шеттілдік термин сөздер *ı* әрпімен таңбалаыды: *parashút, absolut*. Оның себебін ашсақ: 1) *ı* таңбасы ағылшын әліпбиіндегі *и* таңбасынан шығарылғандықтан, ағылшын, түпнұсқасына сай келеді; бұл *parashýt, absolýt* деген тұрпаттан әлдеқайда ұсынақты; 2) қосымшаны *парашуттың, парашутқа, абсолуттың, абсолутқа* деп жуан түрде емес, *parashútke, absolutmer* түрінде, соңғы буынның әуеніне қарай, жіңішке тембрмен қосымша жалғай аласыз; 3) бұл әзербайжан, түрік емлесіне де сәйкес келеді.

ю әрпін *у* әрпімен таңбалауға әзербайжан емлесі 2004 жылдан бері 2 рет реформалап барып, әрең қолжеткізсе, біз бұл дұрыс емлені бірден қалыптандыра аламыз. Ал ономастикалық атаулар өзге әлем тілдері сияқты транслитерацияланып жазылады. Бұл — әліпбидегі әріптер шегінде түпнұсқадан айнытпай таңбалау дегенді білдіреді, сондықтан, мысалы, *Федор, Петр, Юра, Юрмала* деген сөздер әліпби шегінде былай жазылады: *Fıodr, Pıotr, Iyrmala, Iyra, Iypıter*. Ономастикалық атаулардың емлесі 2019 жылы жеке ереже түрінде жарық көреді.

Я әрпі төл, кірме сөздерде (*Ясауи, япыр-ау, яғни, ядро, яһуди* т.б. сөздерде) *ıa* — әріп тіркесінің таңбасы екені белгілі. Тағы да көзі қарақты, санасы сауатты тіл тұтынушы жаңа әліпбимен *ıa* түрінде таңбалауы тиіс. Бірақ *зияткер, қиямет, алдияр* тәрізді сөздерді жазғанда тағы да тілдік, фонетикалық сауаты орта не төмен жазармандар *я* әрпінің орнына *ıa* жазып, *и* әрпін және жазып қояды (*зиıаткер*). Шындығында, бұл орфограмма да, жоғарыдағыдай, кирилл емлесін қабылдағанда болған нормадан ауытқу еді. Сондықтан жаңа емледе бір *ı* (*и*) түсіріліп жазылады. Мысалы, *ziatker, qıamet, aldiar, mıa, avtonomıa, хıмıя* — *hımıa, Ásıa* (Әсуа).

Кирилл әліпбиі орыс тілі үшін, оның дыбыстық құрылымына, грамматикалық ерекшеліктеріне адекватты ең озық фонологиялық әліпби болды. Алайда қазақ-кирилл әліпбиіндегі *өлі әріптердің* (*ь, ъ*), екі-үш дыбысқа *ортақ теліме әріптердің* (*ю, я*) және *ı, ıı, ě*-лардың ұлттық тіліміз үшін графемалық жүктемесі болған жоқ. Бұлар орыс тілінен енген сөздерді орыс тілінің орфографиясы бойынша жазу үшін қолданылды. Сөйтіп, кирилше, қазақ әліпбиі гетерогенді сипаттағы қосамжар орфографияны жасады. Тіліміздегі терминдердің барлығы орыс тілі емлесімен бірдей болды.

Осы орайда айта кететін өзге түркі тілдеріндегі кірме әріптер жайлы қосымша бір ақпарат бар: кирилл-әзербайжан әліпбиінен 1947 ж. *Цı* әрпі алынып тасталған. 1958 ж. *Ээ, Юю, Яя* әріптері ығыстырылып, *Йй* әрпі *Јј*-мен ауыстырылады. Сөйтіп, алфавит құрамы мынадай мазмұнда болды: *а, б, в, г, д, е, ә, ж, з, и, ј, к, л, м, н, о, ө, п, р, с, т, у, ү, ф, х, һ, ч, қ, ш, ы* [2]. Яғни әзербайжан әліпбиінде қазақ әліпбиі сияқты 42 әріп емес, 32 әріп болған. Бұл әліпби ресми түрде 90-жж. аяғына дейін қолданыста болды. Қазір Ресей аумағындағы әзербайжан жазуында да қолданылады. Яғни әзербайжан жазуында 50-жж. аяғынан бері *ю* орнына *у* әрпі таңбаланып келген. Алайда латын әліпбиіне көшерде *ю* әрпін *у* әрпімен жазып, *у* графемасын таңбалауға енді ғана көшіп отыр. Сондықтан жоғарыда айтқандай, *ю* әрпін *у* әрпімен таңбалауға әзербайжан емлесі 2004 жылдан бері 2 рет реформалап барып, әрең қолжеткізсе, біз бұл дұрыс емлені бірден қалыптандыра аламыз деп ойлаймыз.

Яғни, тілімізге орыс тілі арқылы енген терминдерді әліпбидегі 32 әріп шегінде ғана таңбалау және қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай, сондай-ақ ағылшын тілінің жазба тұрпатына жақын жазу деген ұстанымдар көзделуі тиіс. Орыс тіліндегі жіңішке дауыссыздан кейін *ю* жазылатын сөздерде *у* жазылуы тиіс еді. Мысалы, *parashýt, absolýt, pólýs, glýkoza, lýks, debýt, sálýt, válýta, býdjet, býrokratia, prodýser, sýjet, býleten* деп жазуға болады. Алайда *у* әрпі *у* таңбасымен жазылатындықтан, сөздердің ағылшын нұсқасындағы *и* әрпіне ұқсас болу үшін акуты бар *и* таңбасын (*ú*) жазамыз: *parashút, absolút, pólús*. Бұл қазақ тіліндегі сөздерді дауысты дыбыс әрпі арқылы қазақ тілінің айтылым заңына сай икемдеп жазуға бастайды.

Жаңа әліпби бойынша *х* мен *h* қызметін бір ғана әріп — *Hh* атқарады. Мысалы, *hat, jahan, horeograf, habar, gaýhar, qaharman* сөздері бір ғана әріппен жазылады.

Ереже жалпы қазақ мәтінінің (төл сөздердің де, термин сөздердің де) емлесін қамтиды. Сөздердің жаңа әліпби негізіндегі тұрпаты алғашында мүлде бөтен, оғаш болып көрінгенмен, көре-көре көзге жатталады, қолға үйренеді, сөйтіп санада орнығады, жазу мен оқу автоматтанады. Емле ережелерінің негізінде орфографиялық сөздік және анықтағыштар құрастырылады. Сөйтіп, жазуға ықшам, оқуға оңтайлы ұлттық жазудың негізі қаланады.

Әдебиеттер тізімі

1 Күдерінова Қ. Жаңа емледегі даулы мәселе [Электрондық ресурс] / Қ. Күдерінова // Қазақ үні. — 2018. — Қолжетімділік тәртібі: <https://qazaquni.kz/2018/11/09/92303.html>.

2 Гиляревский Р.С. Определитель языков мира по письменности / Р.С. Гиляревский, В.С. Гривнин. — М.: Наука, 1964. — 304 с.

К.Б. Кудеринова

Новые правила орфографии: структура, принципы, новшество

В статье рассмотрено основное содержание новых правил и основных принципов орфографии в новой версии Правил казахского языка, одобренных Национальной комиссией 6 декабря 2018 года. Целью статьи является ознакомление с изложенными выше изменениями в новой версии Правил. Автор объясняет различия фонематического и морфологического принципов в правописании букв *и*, *у*, также о передаче знаков *я*, *ю*, *ь*, *ъ* в составе иноязычных слов согласно фонетическим законам казахского языка. Кроме того, пытается объяснить изменения по правописанию исконно казахских слов и терминов, употребляющихся в казахском тексте. В скором будущем на основе предложенных Правил орфографии казахского языка будут составлены орфографические словари-справочники.

Ключевые слова: алфавит, латинская графика, графема, орфография, правописание, орфограмма, концепция, правила орфографии, фонематический принцип.

K.B. Kuderinova

New rules of spelling: structure, principles, innovation

In article the main contents of new rules and the basic principles of spelling in the new version of the Rules of Kazakh approved by the National commission on December 6, 2018 are considered. Distinctions of the phonemic and morphological principles speak. It is about spelling of letters and, at, also about transfer of signs *я*, *ю*, *ь*, *ъ* as a part of foreign-language words according to phonetic laws of Kazakh. Authors try to explain changes on spelling of the primordial-Kazakh words and terms which are used in the Kazakh text. In the near future on the basis of the offered rules of spelling of Kazakh spelling dictionaries reference books will be made. Therefore the purpose of article is acquaintance with the above changes in the new version of Rules.

Keywords: alphabet, Latin graphics, grapheme, spelling, spelling, spelling pattern, concept, rules of spelling, phonemic principle.

References

- 1 Kuderinova, K. (2018). Zhana emledehi dauly masele [A controversial issue in new spelling]. *Kazak uni – Kazakh voice. qazaquni.kz*. Retrieved from <https://qazaquni.kz/2018/11/09/92303.html> [in Kazakh].
- 2 Hiliarevskii, R.S., & Hrivnin, V.S. (1964). *Opreditel yazykov mira po pismennosti [Determinant of languages of the world on writing]*. Moscow: Nauka [in Russian].